

"Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметіне еркіндік беруге бағытталған құқығын қорғаудағы бұдан әрі шаралар туралы"

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімінің шешімі 2000 жылғы 17 наурыздағы N 274 Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 17 тамызда N 152 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 33 шешімімен

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметіне еркіндік беруге бағытталған құқығын қорғау туралы" U983928_ Жарлығына сәйкес, сондай-ақ "Шенеунік және кәсіпкер" акциясын Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Қазақстан Республикасының табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және Шағын бизнесті қолдау Агенттігімен бірлесіп өткізген жұмыс қорытындысы бойынша Алматы қаласының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласының аудан әкімдері жеке кәсіпкерлер мен шағын

кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заң актілері мен халықаралық шарттарда көзделген шек қоюды белгілеу жолымен араласпасын, әсіресе, аудан аумағында орналасқан шаруашылық субъектілерін тексеруді жүргізуді болдырмасын.

2. N 1 қосымшаға сәйкес коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның төлемді жұмыс (қызмет) көрсеткені үшін тарифтік ставкілерін қайта қарау комиссиясы құрылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.А. Бүкеновке жүктелсін.

Алматы қаласының
әкімі

Алматы қаласы әкімінің
2000 жылғы 17 наурыздағы

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың
ақылы жұмыс (қызмет) көрсеткені үшін
тарифтік көрсеткіштерді қайта
қарау жөніндегі комиссияның

ҚҰРАМЫ

1. Қ.А. Бүкенов - Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары, комиссия төрағасы
2. С.Ә. Тұржанов - Алматы қалалық Шағын бизнес департаментінің директоры, төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

1. Н.Ш. Алдабергенов - Алматы қалалық табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі ҚР Агенттігі департаменті директорының міндетін атқарушы
2. Н.В. Филимонова - Алматы қалалық Шағын бизнес департаменті директорының орынбасары
3. Б.Т. Тайынбетов - Алматы қалалық прокуратурасының әлеуметтік экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау басқармасының бастығы
4. Д.К. Әбдірахманова - Алматы қалалық табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі ҚР Агенттігі департаментінің нарықты талдау, бәсекелестікті дамыту және ақылы қызмет көрсету бөлімінің бастығы, комиссия хатшысы

Алқа хатшысы

К. Тәжиева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК